

1. Егер $\frac{a-b}{b} = 15$, онда $\frac{a+b}{b} = ?$

Если $\frac{a-b}{b} = 15$, тогда $\frac{a+b}{b} = ?$

- A) 16
- B) 17
- C) 18
- D) 19

2. Егер $F = 150$ болса, онда 250 санын қалай өрнектеуге болады?

Пусть $F=150$, тогда как можно представить число 250?

- A) $3F/5$
- B) $5F/3$
- C) $4F/3$
- D) $3F/4$

3. Бос орындарға қандай цифрді қойғанда, дұрыс теңдік шығады?

Какую цифру нужно поставить в пустые клетки, чтобы получилось верное вычисление?

$$\square\square \times \square = 39\square$$

- A) 3
- B) 4
- C) 5
- D) 6

4. Дәрігер Мадинаға әр 75 минут сайын бір түйір дәріден ішу керек екенін айтты. Мадина алғашқы дәрісін 11:05-те қабылдаған болса, төртінші дәрісін сағат нешеде ішу керек?

Врач сказал Мадине принимать по одной таблетке каждые 75 минут. Она приняла первую таблетку в 11:05. В какое время она примет четвертую таблетку?

- A) 13:35
- B) 14:50
- C) 16:05
- D) 17:20


5. Есептеңіз / Вычислите

$$20 + \frac{2}{1} + \frac{2}{10} + \frac{2}{100} = ?$$

- A) 22,22
- B) 20,22
- C) 22,022
- D) 20,022

6. Төмендегі суретте шаршылардың ішіне пішіндер салынған. Периметрі шаршының периметріне тең қанша пішін бар?


На изображении ниже внутри квадратов размещены фигуры. Сколько фигур имеют периметр, равный периметру квадрата?



- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5

7. Ғажайыптар елінде бес қала бар. Әр қала өзара тура жолмен байланысқан. Төменде көрсетілген Алисаның картасы толық емес. Бұл картада көрсетілмеген жолдардың саны қанша?

В Стране Чудес есть пять городов. Каждый город соединён с каждым другим прямой дорогой. Показанная ниже карта Алисы неполная. Сколько дорог нет на этой карте?



- A) 6
- B) 5
- C) 4
- D) 3

8. Үш түрлі оң бүтін сандардың көбейтіндісі 24-ке тең. Осы сандардың қосындысының ең үлкен мәнін анықтаңыз.

Три различных положительных целых числа дают в произведении 24. Определите максимальную сумму этих чисел.

- A) 9
- B) 11
- C) 12
- D) 15


9. Келесі есептеу дұрыс емес: $3 + 5 \cdot 7 - 9 = 36$. Алайда, егер бір санды 1-ге арттырсақ, дұрыс нәтиже шығады. Қай санды арттыру керек?

Вычисление $3 + 5 \cdot 7 - 9 = 36$ неверно. Однако, если одно из чисел увеличить на 1, получится правильное вычисление. Какое число нужно увеличить?

- A) 3
- B) 5
- C) 7
- D) 9

10. Елде 3 мұнай өндіретін компания жұмыс істейді. Төменде әр компанияның өндіретін мұнайының пайыздық үлесі көрсетілген. Егер «Qazaq Oil» компаниясы «Kaz Oil» компаниясынан 55 000 тонна көп мұнай өндіретін болса, онда «KazMunayGaz» компаниясы өндіретін мұнайдың жалпы мөлшерін анықтаңыз.

В стране добывают нефть 3 нефтяные компании. Ниже представлено процентное соотношение добытой нефти каждой компанией. Определите общее количество добытой нефти компаниями «KazMunayGaz», если компания «Qazaq Oil» добывает на 55 000 тонн больше чем компания «Kaz Oil».



- A) 275 000 т
- B) 220 000 т
- C) 165 000 т
- D) 110 000 т

11. Цифрлық сағат 20:11 уақытын көрсетіп тұр. Қанша минуттан кейін 0, 1, 1, 2 сандары кез келген ретпен қайта шығады?

Цифровые часы показывают 20:11. Через сколько минут они снова отобразят цифры 0, 1, 1, 2 в любом порядке?

- A) 40
- B) 50
- C) 70
- D) 80

12. Теңдеуді шешіңіз және $\frac{x}{7}$ мәнін анықтаңыз.

Решите уравнение и определите значение $\frac{x}{7}$.

$$x = 42 + \frac{2x}{5}$$

- A) 7
- B) 10
- C) 21
- D) 28

13. Бес түрлі бөліктен тұратын төмендегідей екі фигура жасалған:


- қабырғалары 5 см және 10 см болатын тіктөртбұрыш,
- екі үлкен ширек шеңбер,
- екі кіші ширек шеңбер.

Осы фигуралардың периметрлері арасындағы айырмашылық қанша сантиметр? ($\pi = 3$)

Обе фигуры на рисунке состоят из одних и тех же пяти частей:

- прямоугольника размером 5 см на 10 см,
- двух четвертей большого круга,
- двух четвертей маленького круга.

Какова разница периметров этих фигур в сантиметрах? ($\pi = 3$)



- A) 20
- B) 15
- C) 10
- D) 5

14. 3^{57} санының соңғы цифрын анықтаңыз.

Определите последнюю цифру числа 3^{57}

- A) 1
- B) 3
- C) 7
- D) 9

15. $\overline{abc} \cdot 5 = \overline{kak}$, мұндағы: \overline{abc} — үш таңбалы сан, ал \overline{kak} — бірінші және соңғы цифрлары бірдей үш таңбалы сан. \bar{c} — ның мәнін анықтаңыз.

$\overline{abc} \cdot 5 = \overline{kak}$, где \overline{abc} — трёхзначное число, а \overline{kak} — трёхзначное число, у которого первая и последняя цифры одинаковы. Определите значение \bar{c} .

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4

16. Шырынға толы бөтелкенің салмағы 1000 гр, ал лимонадқа толы бөтелкенің салмағы 1600 гр. Лимонад шырынға қарағанда 2 есе ауыр. Бос бөтелкенің салмағы қанша?

Бутылка с соком весит 1000 гр, а с лимонадом — 1600 гр. Известно, что лимонад в 2 раза тяжелее сока. Какова масса пустой бутылки?

- A) 100 гр
- B) 200 гр
- C) 300 гр
- D) 400 гр

17. Бауыржан өз аквариумы үшін әрқайсысы x теңге тұратын 9 балық сатып алды. Егер балықтың бағасы 25%-ға төмендесе, ол сол ақшасына қанша балық сатып ала алады?

Бауыржан для своего аквариума купил 9 рыбок по цене x тенге. Сколько рыбок купит Бауыржан на эту сумму, если цена рыбок будет снижена на 25%?

- A) 10
- B) 11
- C) 12
- D) 13

18. Динараның сегіз кішкентай текшесі бар. Әр текшенің барлық беттерінде P, Q, R немесе S әріптерінің бірі ғана жазылған. Ол суретте көрсетілгендей үлкен текше құрастырды. Үлкен текшедегі беттері жанасатын кішкентай текшелердің әріптері әр түрлі. Суретте көрсетілмеген текшенің беттерінде қандай әріп жазылған?

У Динары есть восемь маленьких кубиков. На всех сторонах каждого кубика написана только одна из букв: P, Q, R или S. Она строит большой куб, показанную на рисунке, так, чтобы маленькие кубики с касающимися сторонами имели разные буквы. Какая буква написана на сторонах маленького кубика, которого не видно на рисунке?



- A) P
- B) Q
- C) S
- D) R

19. Есептеңіз / Вычислите:

$$88,8 - (5,7 + 13 \times (-0,3)) = ?$$

- A) 84
- B) 85
- C) 86
- D) 87

20. Айша туған күніне 6, 7, 8, 9 және 10 жастағы 12 қонақ шақырды. Төрт қонақ 6 жаста болды. Ең көп кездесетін жас – 8. Қонақтардың орташа жасы неше?

Айша на своем дне рождения пригласила 12 гостей в возрасте 6, 7, 8, 9 и 10 лет. Четверо гостей оказались шестилетними. Чаще всего встречался возраст 8 лет. Каков был средний возраст гостей?

- A) 6,5
- B) 7
- C) 7,5
- D) 8

21. Суретте көрсетілгендей қосылған төрт арбаның жалпы ұзындығы 108 см. Дәл осылай тізілген он арбаның жалпы ұзындығы 168 см. Бір арбаның ұзындығы неше сантиметр?

Длина набора из четырех тележек, расположенных так, как показано на рисунке, составляет 108 см. Длина набора из десяти тележек, расположенных так же, составляет 168 см. Какая длина одной тележки?



- A) 60 см
- B) 68 см
- C) 78 см
- D) 88 см

22. Оқулықтың беттерін нөмірлеу үшін 786 цифр қажет болды. Оқулықта қанша бет бар?

Для нумерации страниц в учебнике понадобилось 786 цифр. Сколько страниц в учебнике?

- A) 298
- B) 393
- C) 258
- D) 353

23. Текшенің көлемі V см³. Текше бетінің ауданы $2V$ см². V мәнін анықтаңыз?

Объем куба равен V см³. Площадь поверхности куба равна $2V$ см². Определите значение V ?

- A) 8
- B) 16
- C) 27
- D) 64

24. Егер $[a\#b] = \frac{a-3b}{2}$ болса, төменде берілген тұжырымдардың дұрысын анықтаңыз.

Определите какое из предложенных ниже утверждений верно, если $[a\#b] = \frac{a-3b}{2}$.

1. $[5\#1] = 1$
2. $[5\#1] = [1\#5]$
3. $[5\#1]\#[8\#2] = 1$
4. $[10\#2]\#[6\#2] = 1$

- A) 1, 4
- B) 1, 3
- C) 1, 2
- D) 2, 3

25. Сыныпта 40 оқушы бар. Солардың ішінде:

- 25 оқушы математикаға қатысады.
- 18 оқушы физикаға қатысады.
- 15 оқушы химияға қатысады.
- 10 оқушы әрі математикаға, әрі физикаға қатысады.
- 8 оқушы әрі математикаға, әрі химияға қатысады.
- 3 оқушы әрі физикаға, әрі химияға қатысады.
- 2 оқушы барлық үш пәнге де қатысады.

Қанша оқушы аталған пәндердің ешқайсысына қатыспайды?

В классе 40 учеников. Из них:

- 25 учеников занимаются математикой.
- 18 учеников занимаются физикой.
- 15 учеников занимаются химией.
- 10 учеников занимаются и математикой, и физикой.
- 8 учеников занимаются и математикой, и химией.
- 3 ученика занимаются и физикой, и химией.
- 2 ученика занимаются всеми тремя предметами.

Сколько учеников не занимаются ни одним из этих предметов?

- A) 0
- B) 1
- C) 2
- D) 3


26. Фермада 12 үйрек бар. Үйректердің үшеуі күніне бір жұмыртқадан салады, төртеуі күнара бір жұмыртқадан салады және бесеуі үш күнде бір жұмыртқадан салады. Осы 12 үйрек 12 күнде қанша жұмыртқа салады?

На ферме 12 уток. Три утки откладывает по одному яйцу каждый день, четыре утки откладывает по одному яйцу через день, и пять уток откладывает по одному яйцу каждые три дня. Сколько яиц откладывают эти 12 уток за 12 дней?

- A) 60
- B) 72
- C) 75
- D) 80

27. Амина қабырғасының ұзындығы 0,5 метр болатын текшелерді желімдеу арқылы төмендегідей фигура жасады. Содан кейін ол фигураның барлық жақтарын арнайы құтыда сатылатын бояумен бояды. Бір құты 4 шаршы метр бетті бояуға жетеді. Оған қанша құты бояу сатып алу қажет болды?


Амина построила фигуру, склеивая кубические коробки с длиной ребра 0,5 метра. Затем она покрасила все стороны фигуры краской, продающейся в банках. Одной банки хватает покрасить 4 квадратных метра поверхности. Сколько банок краски ей нужно было купить?



- A) 3
- B) 4
- C) 5
- D) 6

28. Сан түзуінде $\frac{1}{5}$ және $\frac{1}{3}$ бөлшектері көрсетілген. $\frac{1}{4}$ бөлшегі осы сан түзуінде қай жерде орналасуы керек?

Дроби $\frac{1}{5}$ и $\frac{1}{3}$ показаны на числовой прямой. Где должна быть расположена дробь $\frac{1}{4}$?



- A) a
- B) b
- C) c
- D) d


29. Бассейнді екі құбыр арқылы толтыруға болады. Екі құбыр бірге жұмыс істегенде бассейн $3\frac{1}{3}$ сағатта толады. Ал, егер тек бірінші құбыр жұмыс істесе, бассейнді толтыруға 6 сағат қажет болады. Тек екінші құбыр жұмыс істеген жағдайда, бассейнді толтыруға қанша уақыт кететінін анықтаңыз.

Бассейн можно наполнить с помощью двух труб. При совместной работе обеих труб бассейн заполняется за $3\frac{1}{3}$ часа. Если же работает только первая труба, то бассейн заполняется за 6 часов. Определите, за сколько времени бассейн заполнится, если будет работать только вторая труба.

- A) 6,5 сағат / часов
- B) 7 сағат / часов
- C) 7,5 сағат / часов
- D) 8 сағат / часов

30. Шаршы пішінді қағаз төменде көрсетілгендей алты тіктөртбұрышқа бөлінген. Осы алты тіктөртбұрыштардың периметрлерінің қосындысы 120 см. Осы шаршының ауданын анықтаңыз.


Квадратный лист бумаги разрезан на шесть прямоугольных частей, как показано на рисунке ниже. Сумма периметров этих шести прямоугольников равна 120 см. Определите площадь данного квадрата.



- A) 100 см^2
- B) 121 см^2
- C) 144 см^2
- D) 169 см^2

31. Дамир баспалдақ жасайды. Әр баспалдақтың биіктігі 15 см және тереңдігі 15 см. Баспалдақ жерден 3,6 метр биіктіктегі бірінші қабатқа дейін жетуі тиіс. Дамир қанша баспалдақ дайындауы керек?

Дамир изготавливает ступени для лестницы, каждая из которых имеет высоту 15 см и глубину 15 см. Лестница должна вести от земли до первого этажа, который расположен на 3,6 м выше. Сколько ступеней должно быть в этой лестнице?



- A) 12
- B) 18
- C) 22
- D) 24

32. Азамат бос ұяшықтарға үш сан енгізгісі келеді. Алғашқы үш санның қосындысы 100 болуы керек, ортаңғы үш санның қосындысы 200, ал соңғы үш санның қосындысы 300 болуы тиіс. Ортаңғы ұяшықтағы санды анықтаңыз.


Азамат хочет вписать три числа в пустые клетки. Сумма первых трёх чисел должна равняться 100, сумма средних трёх чисел — 200, а сумма последних трёх чисел — 300. Определите число, которое окажется в средней ячейке.

10				130
----	--	--	--	-----

- A) 60
- B) 70
- C) 80
- D) 90

33. Төмендегі суретте ілулі конструкция көрсетілген. Конструкцияның жалпы салмағы 112 грамм (таяқшалар мен жіптердің салмағы есепке алынбайды). Жұлдыздың салмағы қанша?

На рисунке снизу изображена подвесная конструкция. Общий вес конструкции составляет 112 грамм (вес палочек и нитей не учитывается). Сколько весит звезда?



- A) 7 гр
- B) 9 гр
- C) 12 гр
- D) 14 гр


34. Екі жолаушы екі ауылдан бір мезгілде бір-біріне қарай жаяу жолға шықты. Бірінші жолаушы жолды толық жүріп өтуге 3 сағат жұмсаса, екінші жолаушы – $4\frac{1}{2}$ сағат жұмсады. Олар қанша сағаттан кейін бір-бірімен жолда кездесті?

Два пешехода вышли одновременно из двух поселков навстречу друг другу. Один пешеход может пройти весь путь за 3 часа, а другой – за $4\frac{1}{2}$ часа. Через сколько часов они встретятся?

- A) 1,5
- B) 1,6
- C) 1,7
- D) 1,8

35. Радмирде үш шаршы бар. Бірінші шаршының қабырғасының ұзындығы 2 см. Екінші шаршының қабырғасының ұзындығы 4 см әрі оның бір бұрышы бірінші шаршының қақ ортасында орналасқан. Үшінші шаршының қабырғасының ұзындығы 6 см әрі оның бір бұрышы екінші шаршының қақ ортасында орналасқан. Көрсетілген фигураның жалпы ауданын анықтаңыз?

У Радмира есть три квадрата. Длина стороны первого квадрата – 2 см. Длина стороны второго квадрата – 4 см, и один из его углов является центром первого квадрата. Длина стороны третьего квадрата – 6 см, и один из его углов является центром второго квадрата. Какова общая площадь показанной фигуры?



- A) 57 см²
- B) 56 см²
- C) 53 см²
- D) 51 см²

36. Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение:

$$8 = \frac{2}{1 - \frac{3}{1 + \frac{2}{1 - \frac{1}{1+x}}}}$$

- A) 4
- B) 3
- C) 2
- D) 1

37. Теңсіздіктер жүйесін шешіңіз / Решите систему неравенств:

$$\begin{cases} \frac{x+4}{2} \geq 3 \\ \frac{2x-1}{3} < 5 \end{cases}$$

- A) $2 \leq x < 8$
- B) $x > 2$
- C) $2 < x < 8$
- D) $x \geq 8$

38. Теңсіздікті шешіңіз / Решите неравенство:

$$|x + 2| \geq 4.$$

- A) $x \leq -6; x \geq 2$
- B) $x < -6; x > 2$
- C) $x > -6; x < 2$
- D) $x \geq -6; x \leq 2$

39. Сөреге А, В, С және D кітаптарын орналастыру керек, бірақ А және В кітаптары бірге тұруы тиіс. Осы шарт бойынша кітаптарды орналастырудың қанша тәсілі бар?

На полке нужно расставить книги А, В, С и D. Однако две из них, книги А и В, должны стоять рядом. Сколькими способами можно расставить книги с таким условием?

- A) 6
- B) 8
- C) 10
- D) 12

40. Екі жұмысшы, бірге жұмыс жасап, машинаны 2 сағат 40 минутта бояйды. Егер бірінші жұмысшы жеке осы машинаны 4 сағатта бояйтын болса, екінші жұмысшы өз бетінше машинаны қанша уақытта бояйды?

Двое рабочих, работая вместе, красят машину за 2 часа 40 минут. Если первый рабочий, работая в одиночку, красит эту же машину за 4 часов, сколько времени потребуется второму рабочему для того, чтобы покрасить машину самостоятельно?

- A) 7 сағ/час
- B) 7 сағ/час 30 мин
- C) 8 сағ/час
- D) 8 сағ/час 30 мин

41. Ең үлкен ортақ бөлгіш (7; 14) және ең кіші ортақ еселік (4; 6) қай аралыққа жататынын табыңыз.

Найдите промежуток, которому принадлежит наибольший общий делитель (7; 14) и наименьшее общее кратное (4;6)

- A) (6; 11)
- B) (6; 13)
- C) (8; 13)
- D) (7; 12)


42. Самал бассейнге әр 4 күн сайын, ал Гаухар әр 6 күн сайын барады. Олар 21 сәуірде кездескен болса, келесі рет бассейнде қашан кездеседі?

Самал посещает бассейн каждые 4 дня, а Гаухар – каждые 6 дней. Когда они встретятся в бассейне в следующий раз после их встречи 21 апреля?

- A) 27 сәуірде / 27 апреля
- B) 30 сәуірде / 30 апреля
- C) 1 мамырда / 1 май
- D) 3 мамырда / 3 мая

43. Параллелепипедті толықтыру үшін қай бөлік қажет?

Какая часть нужна, чтобы завершить параллелепипед?



44. Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение:

$$\frac{2x - 3}{4} + \frac{x + 1}{2} = 3$$

- A) 11/4
- B) 13/4
- C) 15/4
- D) 17/4

45. Мектептің асханасында бір бауырсақтың бағасы x тенге. Егер Руслан 4 бауырсақ сатып алса, ол 500 теңгеден аз төлейді. x -тің мәнін анықтаңыз.

В школьной столовой цена одного бауырсака равна x тенге. Известно, что, купив 4 бауырсаков, Руслан заплатил меньше 500 тенге. Определите значение x .

- A) $x < 125$
- B) $x \leq 125$
- C) $x > 125$
- D) $x \geq 125$

46. Төменде оқушылардың математика пәні бойынша бағалары көрсетілген: 3, 4, 4, 5, 4, 3, 2, 5, 5, 4

- i. Арифметикалық орташа мәнін табыңыз.
- ii. Ең жиі кездесетін мәнді (мода) анықтаңыз.
- iii. Медиананы (орталық мәнді) табыңыз.

Ниже представлены оценки учеников по математике: 3, 4, 4, 5, 4, 3, 2, 5, 5, 4.

- i. Найдите среднее арифметическое значение.
- ii. Определите число, которое встречается чаще всего (моду).
- iii. Найдите медиану (центральное значение).

	i	ii	iii
A)	3.9	4	4
B)	3.9	5	4
C)	3.8	4	5
D)	3.8	5	4

47. 10:00-ден 16:00-ге дейінгі аралықтағы орташа температураны анықтаңыз.

Определите среднюю температуру за период с 10:00 до 16:00.



- A) $-9,5^{\circ}\text{C}$
- B) $-9,2^{\circ}\text{C}$
- C) $-8,7^{\circ}\text{C}$
- D) $-8,5^{\circ}\text{C}$

48. В(3; -2) нүктесі 5 бірлік солға және 3 бірлік жоғары жылжиды. В нүктесінің жаңа координаталарын табыңыз.

Точка В(3; -2) перемещается на 5 единиц влево и 3 единицы вверх. Найдите новые координаты точки В.

- A) (-2; -5)
- B) (-2; 1)
- C) (6; 1)
- D) (3; 5)


49. Егер $x \blacksquare u = 4(13x - 9u)$ болса, онда $5 \blacksquare 6$ мәнін анықтаңыз.

Если $x \blacksquare u = 4(13x - 9u)$, то определите значение $5 \blacksquare 6$.

- A) 132
- B) 86
- C) 44
- D) 20

50. Картаның бір бетіне сурет салынған, ал екінші беті бос. Картаны алдымен төмен қарай аударады, содан кейін оңға аударады. Нәтижесінде қандай кескін шығады?

У карточки на одной стороне напечатан рисунок, а другая сторона – пустая. Карточку сначала переворачивают вниз, а затем поворачивают вправо. Какое изображение получится в итоге?



A)



B)



C)



D)

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Мәтінді мұқият оқып 51–55 сұрақтарға жауап беріңіз.

Мен әрқашан спортты жақсы көретінмін және дене бітімім жақсы болғандықтан, бірнеше жыл бұрын жергілікті жеңіл атлетика клубына қосылуды ұйғардым. Басында бар күшімді ұзындыққа секіруге салдым, себебі бұл менің ең жақсы спорт түрім болатын, бірақ жаттықтырушы маған түрлі бағыттарды байқап көруге кеңес берді.

Соңында мен орта қашықтыққа жүгіруші болып шықтым, яғни мен 100 метр сияқты қысқа қашықтықтарға да, кросс сияқты ұзақ жарыстарға да емес, аралық қашықтықтарға – мысалы, 800 метрге жүгіремін. Бұл – өте қызықты спорт түрі, өйткені мұнда жылдамдық пен күшті үйлестіру қажет. Сонымен қатар жарыс кезінде қалай жүгіру керек екенін де ойланып, ең жоғары жылдамдықпен жүгіретін сәтті дұрыс таңдау керек. Бастапқыда үнемі жаттығып отыру қажет, әрі сені ынталандырып, негізгі ережелерді үйрететін жақсы жаттықтырушы болғаны үлкен көмек.

Қазір мен үлкен жарыстарға да қатысып жүрмін, бірақ бірінші жарысымды әлі күнге дейін ұмытқан емеспін. Ол басталар алдында қатты қобалжыдым. Ал біткен соң, қолым дірілдеп тұрғанын сездім. Жарыс керемет өтті, мен екінші орын алдым, сондықтан қатты қуандым. Сол кезден бері жарыстар алдында да, кезінде де сабыр сақтауды үйрендім. Зейінімді шоғырландырып, тыныштанып алу үшін тыныс алу жаттығуларын жиі жасаймын. Жарысқа қатысу өз қабілеттеріме сенуге көмектесті. Қазір көпшілік алдында жүгіру маған ұнайды – бұл бір жағынан өнер көрсету секілді.

Маған онша ұнамайтыны – жарыстарға лайықты формада болу үшін көп еңбектену қажет. Дегенмен, мен көбінесе басқа адамдармен бірге жаттығамын – бұл жаттығуымды жеңілдетеді. Тамақ пен ұйқыма мән беруге тырысамын, бірақ арнайы диета ұстанбаймын. Көбіне әртүрлі тағам жеуге тырысамын және өте белсенді болғандықтан, көп мөлшерде тамақ ішемін.

Кейде Олимпиада спортшыларын теледидардан көріп, өзімді солардың орнында елестетемін. Бұл ғажайып сезім шығар. Бірақ қазіргі уақытта мен бұл бағытқа нақты бет бұрдым деп айта алмаймын. Сол деңгейге жету үшін көп нәрседен бас тарту қажет деп ойлаймын.

ГРАМОТНОСТЬ ЧТЕНИЯ

Внимательно прочитайте текст и ответьте на вопросы 51-55.

Я всегда увлекалась спортом и была в хорошей форме, поэтому несколько лет назад решила присоединиться к местному клубу лёгкой атлетики. Сначала я сосредоточилась на прыжках в длину, потому что это был мой лучший вид, но тренер посоветовал мне попробовать и другие дисциплины.

В итоге я стала бегать средние дистанции, то есть не короткие, как 100 метров, и не длинные, как кросс, а что-то среднее – например, 800 метров. Это интересный вид бега, потому что нужно сочетать скорость с выносливостью. Также нужно продумывать свою тактику и выбирать правильный момент, чтобы выложиться на полную. В начале нужно много тренироваться, и очень помогает, если есть хороший тренер, который может мотивировать и научить основам.

Сейчас я уже участвую в довольно крупных соревнованиях, но до сих пор помню свою первую гонку. Я так нервничала перед стартом. А когда финишировала, у меня до сих пор тряслись руки. Это была отличная гонка, и я пришла второй, так что была очень довольна. С тех пор я научилась сохранять спокойствие до и во время забега. Я делаю дыхательные упражнения, которые помогают мне сосредоточиться и расслабиться. Участие в соревнованиях помогло мне поверить в собственные силы. А теперь мне даже нравится бегать перед публикой — думаю, это немного похоже на выступление.

Единственное, что мне не очень нравится — это то, как много нужно работать, чтобы оставаться в форме. Хотя, конечно, помогает то, что я часто тренируюсь с другими. Я стараюсь хорошо питаться и высыпаться, но у меня нет какой-то специальной диеты. Главное — разнообразие, и просто есть больше, ведь я очень активна.

Иногда я смотрю по телевизору олимпийских спортсменов и представляю себя на их месте. Это, наверное, потрясающий опыт, но сейчас я не уверена, что именно к этому стремлюсь. Думаю, ради такого уровня нужно многим жертвовать.

51. Автор 800 метрге жүгіру туралы не дейді?

- A) Қашан ең жоғары жылдамдықпен жүгіру керектігін білу қажет.
- B) Бұл 100 метрге жүгіруден қиын.
- C) Мұнда күшке қарағанда жылдамдық маңыздырақ.
- D) Бәрін ұмытып, тек жүгіре беру керек.

52. Автор не үшін жеңіл атлетика клубына қосылды?

- A) Өйткені спортпен айналысқанды жақсы көретін.
- B) Өйткені көбірек қимылдау керек деп ойлады.
- C) Өйткені жеңіл атлетика жаттықтырушысы болғысы келді.
- D) Өйткені кәсіби ұзындыққа секіруші болғысы келді.

53. Автор жарыстарға қатысу туралы қазір не дейді?

- A) Ол үнемі қорқыныш сезінеді.
- B) Жарыс кезінде алда болу ұнайды.
- C) Жаңа дағдыларды үйренуге көмектесті.
- D) Адамдардың оны бақылайтыны ұнайды.

54. Автор тамақтану туралы не дейді?

- A) Көп тамақ жесе, жылдам жүгіре алады.
- B) Жақсы тамақтану оған ұйықтауға көмектеседі.
- C) Ол басқа адамдар сияқты тамақтанады.
- D) Басқа түрлі тағамдар жегісі келеді.

55. Авторды қандай сипаттама ең жақсы бейнелейді?

- A) Көп жаттығатын және болашақта Олимпиадаға қатысуды қалайтын жас спортшы.
- B) Ұзындыққа секіруде жақсы нәтиже көрсеткен, жүгіруді ұнататын, бірақ халықаралық спортшы болуды мақсат тұтпайтын қыз.
- C) Жүгіруді жақсы көретін, бірақ көпшілік алдында жарысуды ұнатпайтын және жаттығуларды жалықтыратын деп есептейтін спортшы қыз.
- D) Басқалармен бірге жаттыққанды және команда құрамында жарысқа қатысқанды ұнататын белсенді спортшы.

51. Что автор говорит о беге на 800 метров?

- A) Нужно знать, когда прибавить скорость.
- B) Это сложнее, чем бег на 100 метров.
- C) Важно быть быстрым, а не сильным.
- D) Нужно всё забыть и просто бежать.

52. Почему автор присоединилась к клубу лёгкой атлетики?

- A) Потому что ей нравилось заниматься спортом.
- B) Потому что она считала, что ей нужно больше двигаться.
- C) Потому что она хотела стать тренером по лёгкой атлетике.
- D) Потому что она хотела стать профессиональной прыгуньей в длину.

53. Что автор говорит об участии в соревнованиях сейчас?

- A) Она всегда волнуется перед стартом.
- B) Ей нравится быть впереди во время забега.
- C) Это помогло ей развить новые навыки.
- D) Ей нравится, когда за ней наблюдают зрители.

54. Что автор говорит о своём питании?

- A) Если она много ест, то может быстрее бегать.
- B) Хорошее питание помогает ей лучше спать.
- C) Она ест так же, как и другие люди.
- D) Ей хотелось бы есть более разнообразную еду.

55. Как лучше всего описать автора?

- A) Молодая спортсменка, которая усердно тренируется и надеется попасть на Олимпиаду.
- B) Девушка, которая хорошо прыгает в длину и любит бегать, но не видит себя международной спортсменкой.
- C) Девушка, которая увлечена спортом, но не любит выступать перед публикой и считает тренировки скучными.
- D) Увлечённая спортсменка, которой нравится тренироваться с другими и участвовать в командных соревнованиях.

Мәтінді мұқият оқып, 56–60 сұрақтарға жауап беріңіз.

1969 жылы үш адамнан тұратын кішкентай ғарыш кемесімен тарихта қалатын ерекше сапар жасалды. NASA басшылары Майкл Коллинз, Эдвин "Базз" Олдрин және Нил Армстронгты таңдады. Айға алғашқы адам ұшқан миссия «Аполлон-11» деп аталды. Бұл миссияның мақсаты – Айға қону болды. Адамдарды Айға жіберу үшін «Аполлон» жобасында ондаған мың адам жұмыс істеді. Бұл жоба, сондай-ақ «Аполлон бағдарламасы» деп те аталады, он жыл дайындықты қажет етті.

Алғашқы «Аполлон» ұшағы сәтсіз аяқталды, өйткені ғарыш кемесі жерде өртеніп кетті. Бірақ NASA бұл бағдарламадан бас тартқан жоқ. Кейінгі ғарыш миссияларында астронавтар ғарыш кемесін басқаруды үйреніп, Айға ұшуға және қонуға қажетті тапсырмаларды орындап жаттықты.

«Аполлон-8» миссиясында астронавтар Айдың айналасында он рет айналып ұшты. Олар алғашқы қонуға дайын бола бастады. Ғарыш кемесін және астронавтарды Айдың орбитасына жеткізген зымыран «Сатурн-5» деп аталды. Ол ғарышқа сағатына 25 000 мильден кем емес жылдамдықпен ұшты. Осындай жылдамдықпен ұшса да, Айға жету үшін 3 күн, 3 сағат және 49 минут қажет болды.

«Аполлон-11» миссиясында Айға қону үшін арнайы жасалған модуль қолданылды. Ол «Игл» (ағылшынша Eagle – бүркіт) деп аталды. 1969 жылғы 20 шілдеде «Игл» Айдың қу медиен бетіне қонды. Сол күні екі ғана астронавт Ай бетіне қадам басты. Нил Армстронг Айға алғаш қадам басқан адам болды. Одан шамамен жиырма минуттан кейін Эдвин «Базз» Олдрин шықты. Астронавтар телекамера орнатып, бүкіл әлем бұл тарихи сәтті тікелей эфирде тамашалады. Ал Майкл Коллинз сол уақытта ғарыш кемесінде қалып, Айдың айналасында орбитада ұшып жүрді. Оның міндеті – оларды Жерге қайта алып келетін ғарыш кемесін бақылау және оған ешнәрсе болмауын қамтамасыз ету болды.

Внимательно прочитайте текст и ответьте на вопросы 56-60.

В 1969 году трое человек в крошечном космическом корабле совершили историческое путешествие, которое мир никогда не забудет. Руководство NASA выбрало Майкла Коллинза, Эдвина «Базза» Олдрина и Нила Армстронга. Первая пилотируемая миссия по высадке на Луну называлась «Аполлон-11», и её целью была Луна. Десятки тысяч людей работали над проектом «Аполлон», чтобы отправить этих людей на Луну. Этот проект, также известный как программа «Аполлон», потребовал десяти лет подготовки.

Первый полёт «Аполлона» закончился катастрофой, потому что космический корабль загорелся на земле. Но NASA продолжило реализацию программы «Аполлон». Во время последующих космических миссий астронавты практиковались в управлении кораблём и отработывали необходимые действия, чтобы иметь возможность долететь до Луны и приземлиться на ней.

В миссии «Аполлон-8» астронавты десять раз облетели Луну. Они были почти готовы к первой высадке. Ракета, которая доставила космический корабль и астронавтов на орбиту вокруг Луны, называлась «Сатурн-5». Она пронеслась через космос со скоростью не менее 25 000 миль в час. Даже на такой скорости дорога до Луны заняла 3 дня, 3 часа и 49 минут.

В миссии «Аполлон-11» использовался лунный модуль, предназначенный только для посадки на Луну. Он назывался «Игл» (англ. Eagle — орёл). 20 июля 1969 года «Игл» приземлился на безжизненной поверхности Луны. В тот день на Луну ступили только два астронавта. Нил Армстронг стал первым человеком, ступившим на Луну. Через двадцать минут за ним последовал Эдвин «Базз» Олдрин. Астронавты установили телевизионную камеру, и весь мир наблюдал за посадкой по телевидению. Майкл Коллинз в это время оставался в командном модуле и продолжал облетать Луну. Его задачей было следить за кораблём, который должен был доставить их всех обратно на Землю. Он должен был убедиться, что с ним всё в порядке.

56. 1969 жылғы 20 шілдеде «Аполлон-11» миссиясында жалпы қанша астронавт болды?

- A) Бір
- B) Екі
- C) Үш
- D) Төрт

57. Қай «Аполлон» миссиясы астронавтарды алғаш рет Айға қондырды?

- A) Аполлон-11
- B) Аполлон-1
- C) Аполлон-8
- D) Аполлон-6

58. «Игл» Айға қалай жетті?

- A) Ол жерсерік арқылы жіберілді
- B) Ол өз бетінше ұшты
- C) Оны Нил Армстронг жіберді
- D) Оны «Сатурн-5» зымыраны жеткізді

59. Мәтінді жазудағы автордың негізгі мақсаты қандай?

- A) Эдвин "Базз" Олдрин туралы айту
- B) Айға алғашқы сапар туралы айту
- C) Алғашқы «Аполлон» миссиясының сәтсіз болғанын түсіндіру
- D) Ғарышқа саяхаттаудың қаншалықты қиын екенін түсіндіру

60. Оқырман бұл мәтіннен нені біле алады?

- A) Неліктен «Аполлон» бағдарламасы сәтті болды
- B) «Аполлон» бағдарламасының қанша қаражатқа түскенін
- C) Адамзаттың алғаш Айға қашан барғанын
- D) «Аполлон-11» миссиясының командирі кім болғанын

56. Сколько всего астронавтов участвовало в миссии «Аполлон-11» 20 июля 1969 года?

- A) Один
- B) Два
- C) Три
- D) Четыре

57. Какая миссия «Аполлон» первой доставила астронавтов на Луну?

- A) Аполлон-11
- B) Аполлон-1
- C) Аполлон-8
- D) Аполлон-6

58. Как «Игл» (Eagle) добрался до Луны?

- A) Он был отправлен туда спутником
- B) Он прилетел туда самостоятельно
- C) Нил Армстронг отправил его туда
- D) Его доставила ракета «Сатурн-5»

59. Какова основная цель автора при написании текста?

- A) рассказать об Эдвине "Баззе" Олдрине
- B) рассказать о первом полёте на Луну
- C) объяснить, что первая миссия «Аполлон» была неудачной
- D) объяснить, как трудно путешествовать в космосе

60. Что может узнать читатель из текста?

- A) почему программа «Аполлон» была успешной
- B) сколько стоила программа «Аполлон»
- C) когда человек впервые побывал на Луне
- D) кто был командиром миссии «Аполлон-11»